

1. Жалпы ережелер

7M04217 Құқықтану, білім беру бағдарламасы бойынша оқып жатқан студенттердің оқу нысанының бір түрі болып семинарлық сабақтар танылады. Ұсынылып жатқан жалпы ережелер тек қана ұсынушылық сипатқа ие.

Тәжірибелік сабақтар оқу үдерісінің қажетті элементі болып табылады. Тәжірибелік сабақтардың мақсаты – дәрістен алған білімді тереңдету, ұлғайту, кәсіби маңызды білім мен машықты қалыптастыру. Тәжірибелік сабақтар студенттерге заңи терминологияны меңгеруге, сөйлеумәдениетін және кәсіби ойлау қабілетін дамытуға көмектесіп, оралымды екі жақты байланыстың құралы болып табылады.

Студенттер тәжірибелік сабақтарда нақты жағдайларға құқықтық нормаларды қолдану, нормативтік құжеттарды түсіндіру, көптеген құқықтық актілердің ішінен тиісті нормаларды тандап алу машығына, өзініңдаралығын, ойлау дербестігін, өз пікірін аяғына дейін ұстану қабілетіне ие болады.

Тәжірибелік сабақтардың құрылымы келесі элементтерді қамтиды: ұйымдастырушылық кезең (оқытушы студенттермен сәлемдесіп, журналда сабаққа келмеген студенттерді белгілейді, студенттердің сабаққа дайындығын анықтап, сабақтың тақырыбы мен жоспарын жариялайды); материал бойынша студенттердің сұраққа жауабын тыңдайды; негізгі бөлім (теориялық сұрақтарды талдау және есептерді шығару); сабақты қорытындылау (оқытушы бүкіл топтың жұмысын бағалап, бағаларды жариялап, түсінедіреді, нақты студенттердің жауаптарындағы жетістіктер мен жіберілген кемшіліктерді көрсетіп, келесі сабаққа тапсырма береді). Тәжірибелік сабақтардың негізгі бөлімі теориялық сұрақтарды есептерді шешумен оралымды үйлестіруге арналуы керек, уақыттың елеулі бөлігі есептерді шешуге жіберіліп, 50 минуттық сабақ барысында теориялық сұрақтарды талдауға 10-15 минут уақыттың жұмсалуды ұсынылады. Теориялық сұрақтарды талдау әртүрлі: студенттердің баяндамалары, есептерді шешу, теориялық семинар жүргізілуі мүмкін.

Оқытушы студенттерге баяндаманың қандай талаптарға сәйкес келуі қажет екендігін түсіндіруі қажет. Баяндаманың тақырыбын белгіліген соң, жұмыста пайдаланылған авторларды атап, баяндаманың жоспарын және баяндама бойынша тиісті сұрақтарды қайнар көздерге сілтеме, авторлардың пікірін келтіре отырып, мүмкіндігінше өз пікірін білдіре отырып жан- жақты түрде баяндау қажет.

Есептерді шешу, қойылған сұрақтарға толық жауап беру түрінде жазбаша нысанда студенттердің дәптерлерінде болуы қажет. Есепте берілген әрбір оқиға, жағдай олармен байланысты сұрақтарды заңи бағалауды талап етеді. Әр сұраққа заң нормаларына сілтеме жасай отырып, нақты жауап берілуі (иә, жоқ) керек. Студент тиісті норманы қалай қолданғанын, сәйкес жағдайларда ҚР Жоғарғы сотының нормативтікқаулыларына (өзге құқықтық актілер), ғылыми түсіндірулерге сілтеме жасайотырып көрсетуі

қажет. Осы әдіснаманы меңгерген студент кәсіби міндеттерді тиімді шешуге байланысты тәжірибелік машыққа ие болады.

Семинар (лат. *seminarium* – рассадник, көшет) – жетекшінің тапсырмасы бойынша жекелеген сұрақтар, проблемаларды баяндама немесе бірігіп талқылау түрінде студенттердің өз бетінше зерделеуіне негізделген, оқу үдерісінің нысаны. Тәжірибелік сабақтарға қарағанда семинар теориялық сипатқа ие және белгілі бір пәнде терең бағытталған. Семинар сабақтары оқушыларды оқу-танымдық қызмет барысында дербестік танытуға бағыттай отырып, білімді нығайтуға көмектеседі. Семинар барысында қайнар көздермен, қосымша әдебиеттермен, құжаттармен жұмыс нәтижесінде алынған білім жүйеленеді, тереңдетіледі, қадағаланады. Семинар сабақтарының басты мақсаты – студенттерді зерттелінетін салалардың ерекшелігіне қарай, теориялық білімді пайдалану дағдылары мен машықтарына ие болу мүмкіндігімен қамтамасыз ету.

Негізгі мақсаттық бағытына байланысты семинардың үш типін ажыратамыз:

1) белгілі бір оқу курсын терең зерттеуге арналған, осы курстың материалымен тақырыптық байланысты семинар;

2) әдіснамалық тұрғыдан маңызды курстың немесе белгілі бір тақырыпты негізді түрде дайындауға арналған семинар;

3) арнайы семинарға ұласуы мүмкін, жекелеген өзекті мәселелерді ғылыми өңдеуге арналған зерттеу типіндегі семинар.

Арнайы семинар белгілі ғалымның жетекшілігімен белгілі бір проблемаға байланысты жас зерттеушілердің қарым-қатынасының мектебін білдіреді. Тәжірибелі жетекші ғылыми шығармашылықтың ауа-райын қалыптастырып, студенттерді ұжымдық ойлау қызметіне бағдарлап, зерттеу жұмысының тиімді әдістерін пайдаланады. Қорытынды сабақта оқытушы студенттік ғылыми жұмыстарға толыққанды шолу жасап, қорытындылайды, қарастырылған проблемалардың ары қарата зерттелу мүмкіндіктерін аша отырып, қызығушылық білдірген студенттердің осы проблемаларды зерттеуге қатысу мүмкіндіктерін түсіндіреді.

Семинар сабақтары дәріс сабақтарымен тығыз байланысты, дегенмен де семинардың оқу материалы дәріс материалың қайталамайды. Оқытушының жетекшілік рөлі оқу жұмысын тиянақты жоспарлаудан, маңызды сұрақтарды семинарда талдауға бөліп шығарудан, дербес дайындалу үшін әдебиеттерді таңдаудан, талқылау үдерісіне басшылық жасаудан көрінеді.

Жүргізу әдісіне байланысты семинар келесі түрлерге бөлінеді.

Семинар-сұхбат семинар жоспарындағы барлық сұрақтар бойынша бүкіл студенттердің сабаққа дайындалуын білдіріп, тақырыпты белсенді талқылауға студенттердің елеулі бөлігінің тартылуын білдіреді. Оқытушының қысқаша баяндамасынан кейін, жоспардағы нақты сұрақтар бойынша бірнеше студенттердің жан-жақты мәлімдемелері тыңдалып, басқа студенттердің жауаптарымен толықтырылады, соңынан оқытушы қорытындылайды.

Семинар-дискуссия, немесе семинар-диспут қандай да болмасын проблеманы ұжымдық талқылау және шешу үшін семинарға қатысушылардың диалогтық сөйлесу мүмкіндігін білдіреді. Талқылау үшін оқытылатын пәннің ең өзекті мәселелері таңдалынады. Дискуссияға қатысушылар өз ойларын нақты құруға, өз пікірлерін ұстап тұруға, сын пікірлерге дәлелді түрде қарсы тұруға үйренеді. Семинар сабақтарының ең тиімді нысаны қатысушылардың сәйкес орналасуы қағидасындағы «дөңгелек үстел». Осыған байланысты диалог арқылы дискуссия тақырыбын бірігіп өрбіту үшін, студенттерді қарым-қатынас, өзара әрекет мәдениетіне үйрету қажет.

Семинардың аралас нысаны баяндамаларды талқылау, қатысушылардың еркін сөйлеуі, жоспарланған дискуссиялар түрінде өтеді.

Студенттердің семинарға дайындалуына педогогикалық жетекшілік ету оқытушының баяндамалардың жоспарын құруға көмектесуінен, әдеби қайнар көздерді конспектілеуге үйретуден, рефераттар мен баяндамалардың мәтінін дұрыс рәсімдеуге, өзіндік жұмыс барысында туындаған сұрақтарға байланысты кеңес беруден көрінеді.

2. Магистранттардың өзіндік жұмысы

Жұмыс түрлері. Олардың жалпы сипаттамасы. Жазуға қойылатын талаптар

1. Өзіндік жұмысты жазудың мақсаттары

Өзіндік жұмыс – оқытушының тапсырмасы бойынша және әдістемелік жетекшілігімен студенттердің танымдық қабілеттерін дамыту және өзіндік үздіксіз білім көтеруге бағытталған студенттердің жоспарланған жұмысы.

Оқу және ғылыми материалдың күрт өсуіне байланысты, пәнді оқуға арналған аудиториялық сағаттардың жетіспеушілігі барысында оқу үдерісі шеңберінде МӨЖ маңызды рөл атқарады. Жоғары оқу орнының кез келген бітірушісі студенттердің өзіндік жұмысы барысында қалыптасатын іргелі білімге, кәсіби қызметтің дағды, машықтарына, шығармашылық және зерттеу қызметінің тәжірибесіне, әлеуметтік және коммуникативті құзыреттерге ие болуы қажет.

МӨЖ-дің дидактикалық міндеттері: аудиториялық сабақ барысында алған білімді бекіту, тереңдету, ұлғайту, жүйелеу; жаңа оқу материалын дербес түрде меңгеру; кәсіби машықты сондай-ақ дербес ойлау қызметінің дағдысын дамыту; дербес ойлау қабілетін, заңи әдебиетке, тәжірибелік заңи қызметке, құқық шығармашылық үдерісіне қызығушылықты жетілдіру.

МӨЖ-дің негізгі нысандары: үй жұмысы; жекелеген тақырыптар бойынша рефераттар дайындау; ғылыми студенттік үйірмелердің және ғылыми конференциялардың жұмысына қатысуды білдіретін, студенттердің оқу-зерттеу және ғылыми-зерттеу жұмыстары (студенттердің оқу-зерттеу жұмыстары - МОЗЖ және студенттердің және ғылыми-зерттеу жұмыстары - МҒЗЖ); аудиториядан тыс уақытта іскерлік ойындар ұйымдастыру және өткізу.

Үй жұмысы тәжірибелік және семинар сабақтарына өз бетінше дайындалудан, оқу үдерісінің бір бөлігі болып табылатын кез келген дербес оқу қызметі түрінде көрінеді. Негізгі қызметі – өз бетінше оқу машығын дамыту, жұмыстың әдістері мен құралдарын анықтау, оқуды жоспарлау болып табылады. Үй жұмысы аудиториялық сабақтарда алынған білім мен машықтарды бекітуге, дағдыны қалыптастыруға, жаңа материалды меңгеруге барынша көмектеседі.

Өзіндік жұмыстарды табысты орындауды қамтамасыз ететін дидактикалық шарттар: тапсырмаларды орындауға қатысты міндеттер мен ұсыныстардың нақты берілуі; оқу тапсырмасының негізделуі (не үшін, неге көмектеседі); үй тапсырмаларының тиімді көлемі; оқытушы арқылы есептің нысаны, тапсыру мерзімдері; кеңес беру түрлерін анықтау; бағалау критерилері оценки, бақылаудың түрлері және нысандары.

Магистранттардың өзіндік оқу жұмыстарының мазмұнын құрайды: оқытушымен ұсынылған әдебиеттерді оқу және конспектілеу; курстың нақты тараулары, бөлімдері бойынша тәжірибелік сабақтарда талқылаумен ұштастыра отырып есептер шешу; семинарда немесе ғылыми студенттік

үйірменің отырысында талқылай отырып, сот істеріне шолу жасау; оқытушының тапсырмасы бойынша сот мәжілістеріне қатысу, әртүрлі ұйымдардың заң бөлімдеріне, нотариалдық кеңселердің жұмыстарымен танысу; үй тапсырмасы түрінде заң жобаларына пікірлер дайындау; тәжірибелік сабақтармен ұштастыра отырып, зерттелінетін тақырып аясында құқықтық құжаттардың жобасын дайындау.

Рефераттарды дайындау – МӨЖ ұйымдастыру және бақылаудың бір нысаны. Реферат (лат. *referre* – баяндау, хабарлау) – бұл ұтымды бағалау арқылы қайнар көздің мазмұнын қысқаша баяндау немесе бірнеше қайнар көздерді салыстыру және талдау негізінде қандай да болмасын проблеманың жай-күйін ашу. Оқу үдерісіндегі мазмұны және қызметіне байланысты рефераттар ғылыми-проблемалық және шолу-ақпараттық болып бөлінеді.

Рефератты жазу мақсаты – магистранттарда әдеби және нормативтік қайнар көздермен дербес жұмыс істеу машығы жазу мақсаты – студенттерде әдеби және нормативтік қайнар көздермен, жарияланған сот-тергеу тәжірибесімен дербес жұмыс істеу машығын жетілдіру. Магистранттар оларды талдау және жалпылау негізінде өзіндік негіздеу арқылы теориялық және тәжірибелік сипаттағы қорытындылар жасай алады. Рефераттардың тақырыптары, ұсынылатын әдебиеттер тізімі оқытушы арқылы анықталады. Қандай да болмасын кітаптың немесе мақаланың мазмұнын қысқаша баяндаумен байланысты рефераттар сәйкес тақырып бойынша дипломдық жұмысты дайындаудың алғашқы кезеңі болап қарастырылуы мүмкін. Реферат көлемі машиналық мәтіннің 15-20 беттік түрі ретінде бола алады. Рефераттың әдеттегі құрылымы: жоспар; тақырыптың негізделуі және міндеттері көрсетілген кіріспе; бірнеше параграфтан тұратын негізгі бөлім; тақырып бойынша жасалған түйіндер қарастырылған қорытынды; библиографиялық тізім.

2. Жұмысқа қойылатын жалпы талаптар

Магистранттар өзіндік жұмыстың тақырыбын таңдауда келесідей ережелер ескерілуі тиіс:

- жұмыс нақты студенттің қабілетіне, мүддесіне, еркіне жауап беруі тиіс,
- жұмыс юриспруденция мамандығына пайдалы болуы керек (нақтырақ айтқанда тақырып ғылымның қазіргі жағдайын ескере отырып, мақала ретінде шығару үшін жарауы тиіс). Айтылғандар ғылымның алдыға қарай жылжуына байланысты студенттердің талаптарына жауап бере алатындай қайталанбауы қажет. Одан кейінгі тағы бір мүмкіндік көшіруге жол бермеу мақсатында өзіндік жұмыстардың нақты тақырыптары берлімейді.

3. Өзіндік жұмыстардың негізгі бағыттары

Рефераттар (баяндамалар)

Негізгі оқу курсы бойынша сындарлы шолу (салыстырмалы талдау) жасалынатын және уақыттың тарлығына байланысты негізгі бағдарламамен қамтылмай қалған пәннің проблемаларына байланысты тақырыптар беріледі. Нақтырақ айтқанда, негізгі курсқа байланысты оларды үш топқа бөлуге болады: а) негізгі курста қысқаша қамтылған тақырыпты тереңірек ашу мақсатында; б) міндетті курста мүлдем қамтылмаған тақырыптар; в) студенттердің өзіндік жұмысына қатысты емес міндетті курста қарастырылатын тақырыптар.

Өзіндік жұмысты рәсімдеуге қойылатын талаптар

Жұмыс компьютерде терілуі қажет. Мәтінде курсы, пәні, автордың ТЕӨ, жұмыстың атауы көрсетілуі тиіс. Егер жұмыс аударма болса сол материалдың библиографиялық нақты мәліметтері берілуі қажет. Сонымен қатар аудармаға кәсіби терминдердің сөздігі қоса берілуі тиіс. Егер де жұмыс аударма болмаса оның мазмұны беріледі. Жұмыстың соңғы бетінде міндетті түрде падаланылған әдебиеттердің нөмірленген тізімі міндетті түрде көрсетіледі. Мәтінде осы тізімдегі жұмыстың нөмірлері міндетті түрде тікелей жақшамен тиісті жерлері көрсетіліп тұруы тиіс.

Өзіндік жұмыстарға дайындық және оны жазу

Тақырыпты таңдау. Жоғарыда айтылған бағыттар бойынша тақырыпты алдын ала таңдауды студенттің өзі жүзеге асырады. Тақырыпты нақтылау, оқытушымен кеңесу арқылы жүргізіледі және жоспар жасалып, пайдаланылатын әдебиеттер тізімі нақтылана түседі. Туындаған кез келген сұрақтарға байланысты студент оқытушыдан жауап ала алады. Қажетті жағдайларда консультациялар тағайындалады. Сессияға екі апта қалғанға дейін жұмыс оқытушыға тапсырылады. Өзіндік жұмысты қорғауға сессия кезінде рұқсат беріледі.

Өзіндік жұмысты бағалау критерилері

Оқытушы әр магистрантпен жұмысты қабылдауда ауызша сұрақтар қояды. Студент жұмыстың мәтініне байланысты оқытушының қойған сауалына жауап беруі тиіс. Жауап беру барысында мәтіндегі бейнеленген материалды игергендігін (өзі жазғандығын, аударғандығын, көшіріп алғандығын) көрсетуі қажет. Жұмысты бағалауда мәтіннің жазбаша нұсқасын және студенттің өзіндік жұмысты жазудағы жаңашылдығын және түпнұсқалығын, берілген қорытындылар және нұсқаулардың негізділігін ескеруі тиіс.